


№ 11 ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫС

Тақырыбы: WORDPRESS АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ШОЛУ ЖАСАУ.

Wordpress платформасында сайтты құру

Wordpresss базасында сайтты құру үшін Wordpressс ресми сайтына кіреміз: <https://ru.wordpress.com/>.



Wordpress сайтының басты беті


<https://ru.wordpress.com/>

Басты бетте біз WordPress-те тегін сайт жасау ұсынылатын тақырыпты көреміз. Ол үшін «Бастаңыз» батырмасын басамыз. Сонымен қатар, сайт сипаттамасына арналған бет ашылады

Сайттың сипаттамасы


<https://ru.wordpress.com/>

Осыдан кейін веб-сайтты доменге байланыстыруға мүмкіндік беретін бетке өтеміз. Домен — бұл сайттың бірегей атауы, оны адрес жолында енгізіп, көруге болады. Мысалы, WordPress — wordpress.com ресми сайтының адресі (домен). Сайттар дәл осы домен бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Іздеу жолына сайттың қалаған атауы енгізіледі, мысалы, kazastana. Платформа сайтты тегін жасауға мүмкіндік беретін болғандықтан, қалаған адресің бос болмауы немесе қол жетімсіз болуы мүмкін. Бұл мысалда WordPress доменнің осы нұсқасын ұсынды: kazastana.wordpress.com.



Сайттың доменін таңдау
<https://ru.wordpress.com/>

Жаңа бетте «Тегін» тарифтік жоспарын таңдаймыз.



Тариф жоспарын таңдау
<https://ru.wordpress.com/>

Келесі бетте пішін өрісін толтыру арқылы есептік жазба жасалады.

WordPress.com

Вход

Шаг 4 из 4

Создайте учётную запись.

Ваш адрес электронной почты

aselek-bd@mail.ru

Выберите имя пользователя

kazastana

Выберите пароль

Создавая учётную запись с помощью одного из вариантов, предложенных ниже, вы принимаете Условия предоставления услуг.


Продолжить

Есептік жазбаны жасау
<https://ru.wordpress.com/>

Тіркелетін көптеген өнімдер сияқты, көрсетілген электрондық поштаға алу қажет хаттың сілтемесіне өтіп, тіркеу фактісін растауды талап етеді. Өзіңіздің пошта жәшігіңізге (өзіңіздің e-mail адресіңізге) кіріп, растау сілтемесі бойынша өту керек. Сәтті расталғаннан кейін тіркеуді растау туралы хабарлама шығады.


Тіркеуді растау
<https://ru.wordpress.com/>

Блогтағы алғашқы жазбаны жариялау үшін «Блогтағы жазбаның» жанындағы «Қосу» батырмасын басу керек. Сайтқа әртүрлі элементтерді (мәтінді) қосу үшін редакциялау терезесіне өту қажет.



Редакциялау терезесі
<https://ru.wordpress.com/>

Жарияланымнан кейін сайтқа өтуге болады — —
 kazastana.wordpress.com — және жазылған мақаланы қарауға болады.



Kazastana.wordpress.com сайтының басты беті
<https://ru.wordpress.com/>

Өз бетінше орындайтын жұмыс тапсырмасы: Жоғарыда келтірілген мысалдар негізінде WordPress платформаларында сайтыңызды жасаңыз.